

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасында банктерді мәжбүрлеп тарату ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандығы № 40 қаулысына толықтырулар мен өзгерту енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 6 қарашадағы № 166 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылды 7 желтоқсанда № 6665 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 114 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.11.2020 № 114 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасында банктерді мәжбүрлеп тарату ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандығы № 40 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4181 тіркелген, 2006 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге мемлекеттік органдарының актілер Бюллетенінде жарияланған, № 9-10, 219 құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерту енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесінде:

мынадай мазмұндағы 84-1, 84-2, 84-3, 84-4, 84-5, 84-6-тар мақтартармен толықтырылсын:

"84-1. Мұлікті осы Ережеде белгіленген тәртіппен сатқанға дейін, тарату комиссиясы тарату шығыстарын барынша азайту мақсатында таратылатын банктің мүлкін, оның ішінде тарату комиссиясымен атқарушылық іс жүргізу шегінде сот актілері бойынша қабылданғандарды, сондай-ақ банкке келтірілген

зиянды өтеу есебінен алынғандарды және белгіленген тәртіппен тіркелгендерді жалға беруді таратылатын банктің кредиторлар комитетімен келісу бойынша жүзеге асырады.

Мұлікті жалға беруден алынған ақша тарату массасына жіберіледі.

Мұлікті жалға беру тарату комиссиясының оны сату бойынша іс-шараларды жүзеге асыруын тоқтата тұрмайды.

Тарату комиссиясының жалға беру шартын жасасуы жалға алушының мұлікті тарату комиссияның бірінші талабы бойынша босатуға (қайтаруға) және жалданған мұлікті қосымша жалдауға (субарендаға) беру мүмкін еместігі бойынша шектеулерді қабылдауға келісімі болған кезде жүзеге асырылады.

84-2. Банктің тарату комиссиясы жалға алушыны таңдауды тендер өткізу арқылы жүзеге асырады, оның қорытындысы бойынша артықшылық ең жақсы жалға алу шарттарын ұсынған тұлғаға беріледі.

84-3. Тендер өткізу туралы хабарландыру тендер өткізу күнінен кемінде он күнтізбелік күн бұрын аумағында жалға берілетін мұлік орналасқан облыс немесе қалада таралатын республикалық маңызы бар мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

Жалға алушыны таңдау бойынша тендер өткізу туралы хабарландыруда:

- 1) тендерді өткізу күні, орны және уақыты;
- 2) таратылатын банктің атауы;
- 3) жалға берілетін мұліктің сипаттамасы;
- 4) өтінімдерді қабылдайтын орны, уақыты және мерзімдері;
- 5) тендер құжаттамасын және қосымша ақпарат алуға болатын телефондар, мекенжай қамтылады.

84-4. Тендерлік құжаттамада мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) хабарландыруда көрсетілген ақпарат;
- 2) жалға берілетін мұлікті көрсету күні, уақыты және орны;
- 3) жалға алу төлемін төлеу шарттары;
- 4) негізінде тендердің жеңімпазы анықталатын критерийлер;
- 5) жалға беру шартының жобасы.

84-5. Таратылатын банктің бұрынғы басшы қызметкерлері, таратылатын банктің кредиторлары болып табылатын тұлғалар, сондай-ақ банктің тарату комиссиясының төрағасы, мүшелері, тартылған қызметкерлері тендерге қатыстырылмайды.

84-6. Егер тендерге екі қатысушыдан кем қатысқан болса тендер өтпеді деп саналады.

Тендер өтпеді деп танылған жағдайда тарату комиссиясы тендердің жалғыз қатысушысымен жалға беру шартын жасасу мәселесін қарайды.";

10) тармақшада ":" деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісіне ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) тарату комиссияның төрағасы қабылдаған таратылатын банктің мүлкін жалға беру туралы шешімді және тендерлік құжаттаманы келісу.".

2. Осы қаулы ол бірінші рет ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Қаржы ұйымдарын тарату департаменті (З.С. Жұмабаева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он құндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" Заңды тұлғалар бірлестігіне, мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларына мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова